

# 12 тақырып. Жастар әлеуметтануы

## Дәріс жоспары

1. Жастар әлеуметтік-демократиялық ерекше категория ретінде.
2. Жастар әлеуметтануы әлеуметтанудың бір саласы ретінде: пәні, объектісі, мақсаты, міндеті.
3. Мемлекеттік жастар саясаты: Қазақстан және әлемдік тәжірибе.
4. Қазіргі жастардың құндылық бағыттары.



**Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру»**

14.04.2017 ж. атты мақаласында айтылған

... жастар өмірге шынайы көзбен қарап, өз тағдырларына өздері иелік ете алатын азаматтар болуы үшін оларға үлгі ұсынуымыз керек. Қазіргі медиамәдениетті суырыла сөйлейтін «шешендер» емес, өмірдің өзінен алынған шынайы оқиғалар қалыптастырады. Мұндай оқиғаларды көрсету бұқаралық ақпарат құралдарының басты нысанасына айналуға тиіс.

**Жастар социологиясы** — жастар әлеуметтік топтарының әлеуметтік сана сезімі мен мінез — құлқын, жастар әлеуметтануы үрдісін, аға ұрпақтармен қарым — қатынастарын, қоғамдық түйінді мәселелерді шешу ролі мен орнын зерттейтін ғылыми сала.

**Жастар социологиясы** жеке ғылыми сала ретінде 1970 жылы Варна қаласында өткен Халықаралық әлеуметтанушылық конгресте мойындалды. Бұл осы салада теориялық та, қолданбалы-тәжірибелік те мазмұндағы ақпараттар көп жиналғанын көрсетті. Жастар әлеуметтік мәселелері әлемдік әлеуметтану ғылымының ең белсенді зерттеліп жатырған бағыттарының негізгісі болып табылады. Бұған 1960 жылы кеіін бірқатар елдерде орын алған бұқаралық жастар шерулері үлкен әсер етті.

Сәтті әлеуметтенудің нәтижесі әлеуметтік байланыстар, қоғамдық қатынастар және жалпы жұртпен қабылданған мәдени құндылықтар **орнату мен оның әрі қарай дамуын** қамтамасыз ететін **нормаланған әлеуметтенумен түсіндіріледі.**

**Әлеуметтену нормасы** индивидуальды деңгейде бұл – адамның жас ерекшелігі және индивидуальды-психологиялық сипаттамаларын ескеріп жан-жақты әлеуметтенуіні.

Ал **қоғамдық деңгейде ұрпақтан ұрпаққа әлеуметтік нормалар мен мәдени құндылықтарды берудің** ережелерінің қалыптасқан жиынтығы.

**Әлеуметтену нормасы** әлеуметтік нормамен тығыз байланысты. Әлеуметтік нормаларға индивидтің бейімделуі мен интериоризациясымен жүзеге асады.

**Ковалева А.И әлеуметтену нормасы 3 түрлі типін көрсетеді: идеальды; нормативті, шынайы жағдай .**

- **Әлеуметтену нормасының идеалды типі** тұлғалық дамуға бағытталған қоғамдық идеалдармен анықталады. Бұл – шынайы жағдайдан алыс, бірақ соған жақындастырылған тип. Көбіне манифест, саяси бағдарламалар, т.б. құжаттарда идеологиялық немесе тәрбиелеу мақсаттарында идеалды тип әлеуметтенуі қолданылады.
- **Нормативті әлеуметтену** индивидтің қандай болуы керек, оған сәйкесінше әлеуметтік институттар индивидтің қоғамға интеграциялануын қамтамасыз ету шараларын көрсетеді.
- **Шынайы әлеуметтену** – қоғамдағы адамдардың нақты жағдайда әлеуметтенуінің жиынтығы. Шынайы әлеуметтену нормативті типке ұқсас, кейде қарама-қарсы болып та кездесе береді. Әлеуметтенудің бұл түрі түрлі бағытта болуы мүмкін. Ол адамның қоғамдағы оры, әлеуметтік мәртебесі, құндылығы, т.б. сияқты объективті немесе субъективті себептердің әсері болады.

Жастар социологиясы көптеген арнайы социологиялық теориялармен тығыз байланыста дамиды.

Көптеген әлеуметтік мәселелер жастар социологиясының дамуына үлкен әсер етті.

Әлеуметтік ғылымда жастар өзекті мәселелері бүкіл қоғамның негізгі құрылымдық өзгерістерімен байланыстағы ерекше әлеуметтік топ ретінде зерттеледі.

Қазақстандық жастар мәселелері бүкіл әлемде жүріп жатырған ғаламдастыру, урбанизация, ұлттардың қартайуы, дүниеге бала әкелудің кемуі мәселелерімен байланысты.

## **Социологиялық ғылыми зерттеу бағыттары;**

- жастар қозғалыстары, жастар субмәдениеті, жастардың еңбек және қоғамдық белсенділігі,
- жастардың тәуелсіз еңбек жолына түсуі,
- құндылықтық танымдардағы өзгерістер,
- жастардың бейрәсми бірлестіктері,
- жастар әлеуметтік – психологиялық ерекшеліктері және т. б. көптеген мәселелерді қамтиды.

Жастардың негізгі мәселелерін зерттеумен Л. Розенмайер, К.Штарке, Э.Гидденс сияқты белгілі социологтар айналысты.

**Жастар социологиясы** көптеген арнайы социологиялық теориялармен тығыз байланыста дамиды. Көптеген әлеуметтік мәселелер жастар социологиясының дамуына үлкен әсер етті.

Қазіргі таңда әлеуметтанушылар **«жастар»** деген ұғымды жас ерекшеліктер және сонымен байланысты қызмет түрлерінің негізінде пайда болатын топтасқан көпшіліктің жалпылама жиынтығы ретінде айқындайды.

Қысқа мағынада, **жастар–жас** адамдардың әлеуметтік жағдайының ерекшеліктері, олардың қоғамның әлеуметтік құрылымындағы орны мен қызметі, ерекше құндылықтары мен мүдделері негізінде бөлінетін әлеуметтік-демографиялық топ.

**Әлемде БҰҰ-ның мәліметі бойынша**, 15-пен 24 жас аралығындағы жас азаматтар 1,3 миллиард шамасында. **ҚР «Мемлекеттік жастар саясаты туралы»** Заңына сәйкес 14 жастан 29 жасқа дейінгі адамдарды жастар деп атау қабылданған.



Қазіргі таңда әлеуметтанушылар **«жастар»** деген ұғымды экономика жағдайын және экономикалық саясат тиімділігін жалпы бағалауға экономика тәжірибесінде «кедейлік индексі» жиі пайдаланады.

Жұмыссыздық қоғам өміріне тән құбылыс. Ол бұған дейін де болған, алдағы уақытта да бола бермек. Бұдан кейде әрқилы әлеуметтік-экономикалық проблемалар да туындап қалып жатады.

Қазіргі нарық жағдайында қай жерде болсын жастар арасында жұмыссыздар санының көбейе түсер ықтималдығы да мол. Себебі, оның мынандай факторлары бар екендігі екінің біріне белгілі жайт.

## **Мемлекеттік саясат тарапынандағы басты олқылықтар:**

- Жастар функциясы нақты анықталмаған және бір жүйеге қойылмаған.
- Мемлекеттік идеологияның жастарды толық қамти алмауы.
- Ақпараттық қауіпсіздіктің өте әлсіздігі.
- Ауыл мен қаланың байланысының нашарлығы, облыс әкімі, министрлердің тіптен ауылдарға бармауы.
- ауыл жастарының санасына соққы болып тиеді және көптеген мәселеде шет қалуы.

## **Еліміздегі жастарды тәрбиелеудегі мынадай кемшіліктерді атап өтуге болады:**

- Білім беруде, тәрбиеде ұлттық рухтың азаюы;
- Жаңа әлем ескі сана мен жаңа сана тоғысында. Бұл тұста тарихи сананы көтеруіміз қажет;
- Жастар арасында қоғамдық мәдениетін қалыптастыру, қарапайым конференция, дөңгелек үстел, кітапхана мәдениеті жеткілікті хатталып жазылмаған;
- Жастармен биліктің санаспауы, диалог құра алмауы;
- Жастарды тартуда қоғам жарқындылығының әсер ете алмауы;

## Жастар арасындағы өткір мәселелер:

- Криминалды топтарға жастардың қызығушылығы;
- Еңбек нарығында жастардың бәсекеге қабілетінің елеңбеуі және шеттетілуі, жұмыссыздықтың белең алуы;
- Мәдени орындар мен спорт кешендерінің қол жетімді болмауы;
- Маскүнемдік, нашақорлық кең етек алуы;
- Осы аталған жағдайлардың барлығы экстремизмнің күш алуына көмектеседі.

## **Экстремизмнің қоғамда таралудың басты себептері:**

- Әлеуметтік - экономикалық дағдарыс;
- Өмір сүру деңгейінің қиындай түсуі;
- Билік өкілдеріне көңілі толмаушылық;
- Жоғарғы биліктің нақты шынайы ақпаратпен қамтылмауы;
- Статистикалық мәліметтердің бұрмалануы; шиеленісті мәселеге көз жұма қарау;
- Жастар бойындағы ұлттық ашу, олардың мүдделерін елемеу;



Қазақстандық жас буын бойында отаншылдық, іскерлік, жауапкершілік қасиеттер қалыптастырмай, жастардың ізгілікті, рухани өркендеуіне, сондай-ақ, өткен буынның әлеуметтік-мәдени тәжірибесін, әлем өркениеті жетістіктерін игеруіне жол ашпай әлеуметтік ұстанымдағы экономикасы бар демократиялық қоғам құру мүмкін емес.

Мұндай мақсаттарды жүзеге асыру жастарға, жалпы қоғамға қатысты саясатты қалыптастыру мен жүзеге асыру ісіне жастардың өздерін белсенді түрде тартуды көздейді.

Мемлекет жастарға, олардың материалдық деңгейі мен әлеуметтік жағдайына қарамастан, өмір жолын таңдау мен жеке жетістіктерге жету үшін мейлінше мол мүмкіндіктер ашуға тиіс.

Мемлекет басшысының жастарды әлеуметтік қорғауды назардан тыс қалдырмай, өз бақылауында ұстайтыны көңіл қуантарлық жайт. **Н.Ә.**

**Назарбаевтың** әлеуметтік жұмыс орындарында «әлеуметтік лифтілер» механизмін құру идеясы Сарысу жастарының арасында зор қолдауға ие болды.

## **Еліміздегі мемлекеттік жастар саясатының негізгі мақсаттары:**

- ол жастардың бойында қазақстандық патриотизм сезімін қалыптастыру;
- жастар шығармашылығын дамыту,
- салауатты өмір салтын қалыптастыру,
- жастардың жұмыспен қамтылуына ықпал ету,
- жастар кәсіпкерлігін дамыту,
- жастар арасында қылмысты болдырмау,
- отаншылдық құндылықтарды әспеттеу,
- жастардың әлеуметтік-экономикалық,
- саяси және басқа да жан-жақты жағдай жасау,
- рухани-адамгершілік, интеллектуалдық мен экономикалық жағдайын, саяси, құқықтық, экологиялық және физикалық әлеуетінің көтеру.



«Жастар және әлеуметтік қорғау» «Жастар және әлеуметтік қорғау тақыбырынба 9 материал жарық көрген. Бұл барлық жарық көрген материалдардың 5%-ын құрайды.

Жарияланған материалдардың 8 - оң сипатта, 1 – бейтарап сипатта. Жарық көрген материалдардың 3-і Вақ.kz сайтында, қалғандары «Астана» телеарнасы, «Литер» газеті мен VNews.kz, i-news.kz, Zakon.kz ақпараттық агенттіктерде шыққан.

Жарық көрген материалдардың мазмұны негізінен Шымкентте салынуы жоспарланған студент жастарға арналған заманауи 12 қабатты жатақхана құрылысы, Балқашта студенттер үшін Халықаралық жастар лагерін ұйымдастыру, «Нұр Отан» партиясының тұрғын үйсіз қалған жас анаға көрсетілген.

## *Субмәдениет*

*ҰҒЫМЫ*

Субмәдениет (лат. sub — төменгі, нем. kultur — мәдениет) — дәлме-дәл аударымда «астыңғы мәдениет», ірі мәдени құрылым ішіндегі белгілі бір топтар, бірлестіктер мәдениеті дегенді білдіреді.

Субмәдениет көбінде қоғамда өктем болып тұрған мәдениет пен әлеуметтік құрылымға оң немесе теріс қатынас нәтижесінде пайда болады.

Қазіргі жағдайда субмәдениет үлкен аймақтық, ұлттық мәдени құрылым негізінде пайда бола отыра сол мәдениеттегі классикалық дәстүрден тысқары тұрады.

Субмәдениеттің әлеуметтік бастауын әр түрлі жас ерекшеліктеріне байланысты топтар, бейресми бірлестіктер т.б. құрайды.

Жаңа заман көптеген дүниелердің даму шыңына жеткен, жаңа лептің бастау алған кезеңі болды. Ол тек техникалық жетістіктер, ғылыми ашылуларға ғана байланысты емес.

Сонымен қатар рухани, мәдени жаңашылдықтың да белең алған уақыты. Сондай заман нәтижелерінің бірі - фанатизмнің (табынушылықтың), психологиялық талғамдағы ұқсастықтың белгілі адамдарды ұлтына, жынысына қарамай, бір идея толқынына біріктіруі, яғни «субмәдениет» ұғымының қалыптасуы.

Бұл үрдіс көп кешікпей Қазақстанға да келді. Субмәдениет өкілдерін, қала көшелеріне шықсаңыз, міндетті түрде көресіз және бірден танысыз. Өйткені олардың киім киістері де, өздерін ұстауы да, сөйлеулері де өзгеше.

Сіздерге бір топ бейформалды бірлестік өкілдері, атап айтқанда, басынан аяғына дейін қап-қара киінген, бет-келбетінде қарамен бояп алған адамдар немесе үсті-басы металдан жылтырап тұрған, не басқа да «ерекшелігі» бар, өзгелерге ұқсамайтын жастар кездесті ме?

Шынымен де, бұл қызық сұрақ болғанымен, оның астарында үлкен мәселесі бар.

Бұл «ерекше адамдар» белгілі бір субмәдениет өкілдерін құрайды. Осы субмәдениет біздің қоғамдағы жастар арасында белең алып барады.

Субмәдениет – жастардың өзіндік қоғам құрып, белгілі бір топ ішіндегі бейформалды, яғни, қоғамнан бөлек бірлестігі, осы бірлестік мәдениеті.


Ошағы Батыстан бастау алатын субмәдениет ұғымы қазір бар әлемде кең таралған. Оған, әсіресе, жасөспірімдер көп қызығады.

## ДОИСТОРИЧЕСКИЙ ЭМО



Жастардың арасындағы субмәдениет туралы сөз қозғамас бұрын, алдымен бұл түсінік астарында не жатқандығын анықтап алу керек. Айқындап алуға деген қажеттілік қазіргі күнде тек «жастар субмәдениеті» ұғымына ғана қатысты емес, сонымен қатар «жастар», «субмәдениет» түсініктеріне де өзіндік талдау, түсіндірулердің көбейіп кеткендігінен туып тұр. Жалпы, субмәдениет - жас адамдардың ресми емес қатынастарының, олардың ерекше өмір сүру стилі мен тәртіптерінің, белгілі бір қағидалары мен құндылықтарының нәтижесі және «МЕН-ОЛАР» жүйесіндегі өздерін көрсетудің, дамытудың бір жолы.

- Жастар субмәдениетінің өзіндік құндылықтары мен тәртіп нормаларын культқа айналдыруға уақыты жеткілікті жас адамдар аса көп шоғырланған үлкен мегаполистерге тән феномен екендігін айта кеткен жөн. Мұны «жастарға арналған мәдениет» (кино, әртүрлі жаппай көңіл көтеру, бизнес, сән, телехикаяттар т.б.) пен жас адамдардың контрмәдениетімен (дәстүрлі нормаларға қарсы тұру секілді) шатастырмаған жөн.



•Субмәдениет - бұл қоғамның жай кедергі жасамауына болатын жастардың әлеуметтік белсенділігінің алаңы.

Қазіргі жастардың жеке, өзіндік өмірге бүгінгі аса қиын және динамикалық (қозғалысты, көп сырлы) кезеңде аяқ басатындығын ұмытпауымыз керек. Оларға нағыз өмір туралы нақты кеңестер беріп, уақытында өз өмірлік тәжірибемізбен бөлісіп, олардың бастан кешіргендеріне сыйластықпен қарауымыз қажет. Буындар арасындағы түсініспеушілік, негізінен, сол кезеңнің әлеуметтік құрылымдарын, өмір тарихтарын білмегендіктен туындайды.



- Ендеше, келешекте дұрыс қоғамды қалыптастыру үшін осындай бөтен мәдениет түрін қабылдамаудың жолын шешу керек.

Керісінше, өзіміздің қазақы діліміз бен мәдениетімізге тән ерекшеліктерімізді тануға тиіспіз. Ұмыт қалған салт-дәстүрімізді қайта жаңғыртып, дамытып, өзіміздің қазақ деген атқа лайық мәдениетті, оның салаларын қазіргі жастарға насихаттау керек.

Бүгінде мектеп, университет және отбасы жастарға жай «бақылаушы» позициясын ұстанбаулары керек, керісінше, жеке адамның бүкіл қоғам мүддесін игеру үшін жарыс мүмкіншілігіне тең дәрежеде ұмтылу позициясын қамтамасыз ету керек.